

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға арналған пруденциялық нормативтер туралы Ереже

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1997 жылғы 29 тамыз N 133. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 9 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 363. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық компаниясы 2000 жылғы 15 қарашадағы N 87 ~V001330 қаулысымен.

Осы Ережемен "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы"

Z970136_

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар (бұдан әрі - Компаниялар) сақтауға міндетті пруденциялық нормативтер белгіленеді.

1. Жарғылық капиталдың ең аз мөлшері

<*>

Ескерту: 1-тарау алынып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 11 тамыз N 40 Қаулысымен.

V990898_

2. Өз қаражатының жеткіліктілігі

<*>

Ескерту: 2-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 11 тамыз N 40 Қаулысымен.

V990898_

2.1. Компанияның өз қаражатының жеткіліктілігі Компанияның өз

қаражаты мөлшерінің оның өз активтерінің және оның инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерінің мөлшеріне қатынасы ретінде есептелетін К1 коэффициентімен мынадай формулада сипатталады:

$$K1 = \frac{CC}{CA + PA}, \text{ бұл жерде}$$

К1 - өз қаражатының жеткіліктілік коэффициенті;

СС - Компанияның өз қаражатының осы Ереженің 2.2-тармағына сәйкес есептелген мөлшері;

СА - Компанияның өз активтерінің мөлшері;

ПА - Компанияның инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерінің мөлшері.

2.2. Компанияның өз қаражатына:

- 1) жарияланған жарғылық капитал;
 - 2) қосымша төленген капитал;
 - 3) қосымша төленбеген капитал;
 - 4) резервтік капитал;
 - 5) есепті жылдың бөлінбеген кірісі;
 - 6) өткен жылдардың бөлінбеген кірісі;
- шегеріле отырып:
- 7) төленбеген капитал;
 - 8) алып қойылған капитал;
 - 9) материалсыздандырылған активтер;
 - 10) есепті жылдың жабылмаған зияндары;
 - 11) өткен жылдардың жабылмаған зияндары;
 - 12) кепілдіктегі немесе өзге де жүк артуға ұшыраған активтер;

13) "Аффилиирленген тұлға" ұғымын қолдану практикасы туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 26 қазандағы N 181 V980680_ қаулысына сәйкес Компанияға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылатын ұйымдардың дебиторлық борышы;

14) компанияға өтеу мерзімі екі айдан асатын материалсыздандырылған активтерді, негізгі қаражатты және материалдарды жеткізу жөніндегі ұйымдардың дебиторлық борышы;

15) Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен V980642_ бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларының 2-тармағымен айқындалған қаржы құралдарына инвестициялауды қоспағанда қаржылық инвестициялар (сатып алу құнымен);

16) берілген аванстар кіреді.

2.3. K1 коэффициентінің мәні мыналардан төмен болмау керек:

1) 0,02 - Компанияның инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерінің кемінде 5 миллиард теңгені құрайтын мөлшері кезінде;

2) 0,015 - Компанияның инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерінің 5-тен 10 миллиардқа дейінгі теңгені құрайтын мөлшері кезінде;

3) 0,01 - Компанияның инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерінің 10 және одан көп миллиард теңгені құрайтын мөлшері кезінде.

3. Резервтік капитал

3.1. Компания негізгі және қосымша резервтік капиталдарын қалыптастыруға міндетті. Негізгі резервтік капитал Компанияның басқаруға алған зейнетақы активтері бойынша міндеттемелерінің уақытында орындалуын қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Қосымша резервтік капитал Компанияның зейнетақы активтерін басқару кезінде жіберген инвестициялық тәуекелдер нәтижесінде туындаған шығындарды жабуды қамтамасыз етуге арналады.

3.2. Негізгі резервтік капитал Компанияның өз қаражаттарынан қалыптастырылады және басқаруға қабылданған зейнетақы активтерінің сомасынан:

- Компанияның басқаруындағы 5 миллиард теңгеден аз зейнетақы активтерінің мөлшерінде - 0,25%-ке;

- 5-тен 35 миллиард теңге аралығындағы зейнетақы активтерінің мөлшерінде - 0,2%-ке;

- 35-тен 50 миллиард теңге аралығындағы зейнетақы активтерінің мөлшерінде - 0,15%-ке;

- 50 миллиард теңгеден асатын зейнетақы активтерінің мөлшерінде - 0,1%-ке тең мөлшерде құрылады.

Қосымша резервтік капитал бір Қордың зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметін жүзеге асырғаннан кейін 12 күнтізбелік ай ішінде Компанияның өз қаражаттарын қаржы болу есебінен Компанияның зейнетақы активтері бойынша нақты табысының коэффициенті мына екі көрсеткіштен ең жоғары асатын сомада қалыптастырылуға жатады:

1) Республиканың барлық Компанияларының орташа нақты кірісі

коэффициентінің 50%-і;

2) Республикадағы барлық Компаниялардың орташа нақты кірісінің коэффициенті минус 2%.

Компанияның зейнетақы активтері жөніндегі нақты кірісінің коэффициенті осы Ереженің 4.6-тармағына сәйкес есептелінеді.

Республиканың барлық Компанияларының орташа нақты кірісінің коэффициенті осы Ереженің 4.8-тармағына сәйкес есептелінеді. <*>

Компания аталған кезеңде бірнеше Қордың зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайда, есеп айырысуға Компанияның нақты кірісінің орташа есептелген өлшемі қабылданады.

Компанияның оның негізгі және қосымша резервтік капиталдарының жиынтық өлшеміне сәйкес келетін өз активтерін Компания тек қана Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларының 2-тармағында айқындалған қаржы құралдарына орналастыруы керек.

Компанияның өз активтері есебінен аталған қаржы құралдарына жүзеге асырылатын инвестициялардың жиынтық баланстық құны күнделікті кемінде оның осы тармақтың шарттарына сәйкес есептелген негізгі және қосымша резервтік капиталдарының жиынтық өлшемін құрау керек. <*>

Ескерту: 3-2 тармақтың он бірінші бөлігі өзгертілді, он үшінші бөлігі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 11 тамыз N 40 Қаулысымен. V990898_

3.3. Басқарудағы зейнетақы активтерінің мөлшеріне пара-пар түрде негізгі резервтік капитал өсірілуге жатады. Негізгі резервтік капиталдың мөлшері күн сайын осы Ереженің 3.2-тармағының талаптарына сәйкес болу керек.

4. Инвестициялық кірістің ең аз мөлшері

4.1. Инвестициялық кірістің ең аз мөлшерінің коэффициенті Компания басқаруға алған зейнетақы активтері бойынша кірістіліктің ең аз деңгейін қамтамасыз ету мақсатында белгіленген. Коэффициент бір Қордың зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызмет жүзеге асырылғаннан кейін 12 күнтізбелік ай ішінде Компаниялармен есеп айырысуға жатады.

Компания аталған кезеңде бірнеше Қордың зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайда, коэффициенттің есебі әрбір қордың зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке жүргізіледі, сондай-ақ оның орташа

өлшемі айқындалады.

4.2. Компанияның басқаруына зейнетақы активтері келіп түскен бірінші күннен бастап, ол күн сайын зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігі құнының есебін жүргізеді.

Зейнетақы активтерінің шартты бірлігі - бұл зейнетақы активтерінің, Компанияның инвестициялық қызметі нәтижесіндегі олардың құнындағы өзгерістер мөлшерін сипаттайтын жалпы құнының үлес бірлігі.

4.3. Зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің құнын күн сайын есептеу

инвестициялау күнінің соңына мынадай тәртіппен жүргізіледі:

а) Компанияның басқаруына зейнетақы активтерінің келіп түскен күн, келіп түскен зейнетақы активтерінің тиісті сомасы сәйкес келетін шартты бірліктердің жалпы санын есептеу жүргізіледі:

ZA

$N = \frac{ZA}{K}$, бұл жерде:

K

ZA - басқаруға алғашқы келіп түскен зейнетақы активтерінің жалпы сомасы;

K - инвестициялық басқарудың бірінші күнінде 100 теңгеге тең сомада қабылданған зейнетақы активтерінің бір шарты бірлігінің құны;

б) зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың кейінгі күндері бір шартты бірліктің құнын қайта есептеу мынадай түрде жүргізіледі:

ZA_t

$C_t = \frac{ZA_t}{N_t}$, бұл жерде:

N_t

ZA_t - зейнетақы активтерінің күн аяғына ағымдағы құны;

N_t - ағымдағы және өткен күндерде басқаруға келіп түскен зейнетақы активтерінің құнына сәйкес келетін шартты бірліктің жалпы саны;

$N_t = N_{t-1} + (B_t - PB_t) / C_t - 1$, бұл жерде:

N_{t-1} - өткен күндегі шарты бірліктің жалпы саны;

B_t - ағымдағы күні Қорға келіп түскен зейнетақы жарналары мен трансферттік аударымдардың сомасы;

PB_t - ағымдағы күні Қордың төленген зейнетақы төлемдері мен трансферттік

аударымдардың сомасы;

С_{t-1} - өткен күні қалыптасқан бір шартты бірліктің құны.

4.4. Бірінші 12 айды қоспағанда, зейнетақы активтерін басқару

жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Компания есепті айдан кейінгі айдың 5-ші күнінен кешіктірмей Ұлттық комиссияға осы Ереженің 4.2. және 4.3-тармақтарына сәйкес есептелген зейнетақы жиналымдарын орналастырудан түскен Компанияның бастапқы кірісінің (К2) және нақты кірісінің (К3) коэффициенттерінің есебін беру керек.

<*>

Ескерту: 4.4-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 11 тамыз N 40 Қаулысымен.

V990898_

4.5. Бастапқы кірістің коэффициенті:

С_t

$K2 = \left(\frac{\text{-----}}{\text{-----}} - 1 \right) \times 100\%$, бұл жерде:

С_o

С_t - есепті айдағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

С_o - өткен жылдың осы айындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны 30 күнтізбелік күнге қаралып отырған айдың әрбір күніндегі құнының сомасын бөлу арқылы есептеледі. Бұл ретте әрбір демалыс күніндегі бір шартты бірліктің құны оның өткен жұмыс күніндегі қалыптасқан құнымен бірдей қабылданады.

4.6. Нақты кірістің коэффициенті:

К2 - И

$K3 = \left(\frac{\text{-----}}{\text{-----}} \right) \times 100\%$, бұл жерде:

1 + И

К2 - осы Ереженің 4.5-тармағына сәйкес есептелініп, 100%-ке бөлінген нақты кірістің коэффициенті;

И - қаралып отырған жылдық кезең уақытына инфляцияның Қазақстан Республикасының орталық статистика органы айқындаған деңгейі.

4.7. Компанияның нақты кірісінің коэффициенті мына екі көрсеткіштің төменгісінен аз болмауы керек:

1) Республикадағы барлық Компанияның орташа нақты кірісінің коэффициентінің 50%;

2) Республикадағы барлық Компанияның орташа нақты кірісінің коэффициенті минус 2%.

4.8. Барлық Компанияның аяқталған айдағы орташа нақты кірісінің коэффициентін Ұлттық комиссия айқындайды және келесі айдың 15 күнінен кешіктірілмей жарияланады. <*>

Барлық Компанияның орташа нақты кірісінің коэффициентін есептеу тәртібі, К2 Республикадағы барлық Компанияның орташа бастапқы кірісінің коэффициенті ретінде болған кезде осы Ереженің 4.6-тармағында келтірілгенге ұқсас болады.

Республикадағы барлық Компанияның орташа бастапқы кірісінің коэффициенті барлық Компанияның бастапқы кірісінің орташа өлшемімен айқындалады.

Ескерту: 4.8-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 11 тамыз N 40 V990898_ қаулысымен.

4.9. Егер Компанияның нақты кірісінің коэффициенті белгіленген ең аз мәннен төмен болған жағдайда, Компания айырманы зейнетақы активтерінің пайдасына қосымша резервтік капиталдың есебінен өтейді. Нақты кірістің коэффициентінің ең аз мәніне жету үшін қосымша резервтік капиталдың есебінен жабылады.

Қосымша және негізгі резервтік капиталдардың сомасы жетпеген жағдайда, Компания қалыптасқан айырманы негізгі қаржы есебінен жабуға міндетті.

5. Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, бір екінші деңгейдегі банктегі депозитке және бір екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификатына жасалатын инвестициялардың ең төменгі мөлшері

5.1. Осы Ережемен және Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, бір екінші деңгейдегі банктегі депозитке және бір екінші деңгейдегі банктің

депозиттік сертификатына Компания жасайтын инвестициялардың жиынтық мөлшері мынадай мәндерден аспауы керек:

1) бір екінші деңгейдегі банкке эмиссияланған бағалы қағаздарға, сондай-ақ осы банктегі депозиттерге және оның депозиттік сертификаттарына:

зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде - әрбір жекелеген жинақтаушы зейнетақы қорының Компанияның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтері көлемінің 10%-нен, өз активтерін инвестициялау кезінде -

Компанияның өз активтері көлемінің 10%-нен,

бірақ жиынтығында осы банктің өз капиталы мөлшерінің 25%-нен аспайтындай;

2) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитенттің облигацияларына:

зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде - әрбір жекелеген жинақтаушы зейнетақы қорының Компанияның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтері көлемінің 5%-нен, өз активтерін инвестициялау кезінде - Компанияның өз активтері көлемінің 5%-нен,

бірақ жиынтығында осы эмитенттің өз капиталы мөлшерінің 25%-нен немесе осы эмитенттің бір эмиссиясының облигацияларының жалпы санының 25%-нен аспайтындай (аталған өлшемдердің қайсы аса төмен болып табылатындығына байланысты);

3) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитенттің акцияларына:

зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде - әрбір жекелеген жинақтаушы зейнетақы қорының Компанияның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтері көлемінің 5%-нен, өз активтерін инвестициялау кезінде - Компанияның өз активтері көлемінің 5%-нен,

бірақ жиынтығында осы эмитенттің акцияларының жалпы санының 25%-нен аспайтындай.

5.2. Компанияның бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, бір екінші деңгейдегі банктегі депозитке және бір екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификатына жасалатын инвестицияларының жиынтық мөлшерін есептеу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының ұйымы - банктің (эмитенттің) өз капиталы банктік қызметті реттейтін заңға немесе акционерлік қоғамдар туралы заңдарға сәйкес баспасөз басылымында жарияланған не листингтік рәсімдерге сәйкес "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ы ұсынған оның соңғы тоқсандық балансының негізінде айқындалады;

2) шетелдік эмитенттің өз капиталы оның Компания үшін жеткілікті

соңғы тоқсандық немесе жылдық балансының негізінде айқындалады;

3) бір-біріне аффилиирленген екінші деңгейдегі банктер бір банк ретінде танылады.

5.3. Осы Ереженің 5.1 және 5.2-тармақтарында белгіленген нормалар халықаралық қаржы ұйымдарының Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 13 тамыздағ 11 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Компания сатып алуы мүмкін бағалы қағаздарына қолданылмайды.

<*>

Ескерту: 5-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 11 тамыз N 40

V990898_

қаулысымен.

6. Негізгі қаржылардағы және айналыстан тыс активтердегі салымдардың ең аз мөлшері

6.1. Компанияның өз қаржыларын негізгі қаржыларға және айналыстар тыс басқа активтерге салудың мөлшері өз капиталына қатысты, 0,25-тен аспау керек.

Иос

К4 = =====

< 0,25, бұл жерде:

К

И - мынадай активтердің сомасы ретінде айқындалатын негізгі қаржылардағы және басқа да айналыстан тыс активтердегі салымдар:

- а) үй-жайлар және ғимараттар;
- б) шаруашылық мүліктер;
- в) материалдық емес активтер;
- г) көлік құралдары;
- д) машиналар және құрал-жабдықтар;
- е) аяқталмаған құрылыс;
- ж) шаруашылық материалдары;
- з) басқа негізгі қаржылар минус негізгі қаржылардың тозуы.

К - компанияның бухгалтерлік есеп жүргізу туралы заңға сәйкес есептелінген өз капиталы.

7. Қорытынды ережелер р

<*>

Ескерту: 7-тараудағы "БҚҰҚ" сөздері "Ұлттық комиссия" сөздерімен өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 11 тамыз N 40

V990898_

қаулысымен.

7.1. Пруденциялық нормативтерді есептеу үшін Компания күн сайын Ұлттық комиссияға баланстарды және K1, K2, K3 коэффициенттерінің және бір заңды тұлғаның бағалы қағаздарына (депозиттеріне) инвестициялаудың ең жоғары мөлшерінің есебінен бірге анықтамалар береді. <*>

Осы Ереженің 4.1-тармағымен белгіленген мерзімнің аяқталуы бойынша Компания есепті айдан кейінгі айдың 5-ші күнінен кешіктірмей, қарастырылған айдың әрбір күніндегі зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігі құнының есебімен бірге анықтама, оның әр айдағы орташа айлық құнын және осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес K4 коэффициентін береді.

7.2. Компания белгіленген пруденциялық нормативтерді орындамаған жағдайда, Ұлттық комиссия Компанияның лицензиясын "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті лицензиялау туралы" Ережеге сәйкес тоқтата тұруға құқылы. <*>

7.3. Ұлттық комиссия қандай да болмасын пруденциялық нормативтерді сақтамаған Компанияға шаралар қолданбастан, Компания осы Ережеге сәйкессіздікті жоюға тиісті белгілі бір мерзім белгілеп, сондай-ақ Компанияның кез келген лауазымды тұлғасын немесе қызметкерін қызметтен мүлдем немесе уақытша босататын талаптар болуы мүмкін ұйғарым шығаруға құқылы. <*>

Компания жазбаша ұйғарымның, онда көрсетілген мерзімде орындалғандығы туралы Ұлттық комиссиясын жазбаша ескертуге міндетті. <*>

7.4. Ұсынылған есептердің анықтылығы үшін Компания толық жауапкершілікте болады.

7.5. Ұлттық комиссияның әрекеттері туралы сот тәртібімен шағымдануға Компания құқылы. Ұлттық комиссияның жазбаша ұйғарымы жөніндегі шағым оның орындалысын тоқтатпайды.

1-қосымша

Басқаруға қабылданған зейнетақы активтері бойынша

нақты кірістің коэффициентін есептеу

(зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның толық атауы)

(есеп жүргізілетін айды және жылды көрсету керек)
Зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің орташа құнын есептеу

(мемлекеттік емес зейнетақы қорының атауы)

Күні		Активтердің		Түскен жар.		Жүргізілген		Зейнетақы		Зейнетақы	
(күн		ағымдағы		налар мен		төлемдердің,		активтері.		активтерінің	
сайын)		құны		трансферт.		трансферттік		нің шартты		бір шартты	
		тердің		аударымдар.		бірлігінің		бірлігінің			
		сомасы		дың сомасы		жалпы саны		құны			

(екі ай бойынша бөлек толтырылуға жатады)

Зейнетақы активтерінің

бір бірлігінің орташа құны _____ (айы) _____ (жылы)

Зейнетақы активтерінің

бір бірлігінің орташа құны _____ (айы) _____ (жылы)

Бастапқы кірістің коэффициенті (K2)

Нақты кірістің коэффициенті (K3)

Бірнеше қордың басқаруға алынған
зейнетақы активтері бойынша нақты
коэффициенттің орташа өлшемі*

_____ (бірінші басшының қолы)

_____ (бас бухгалтердің қолы)

М.О.

_____ (есеп жасалған күн)

Ескерту:

<*>

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания

бірнеше мемлекеттік емес зейнетақы қорларының активтерін басқару жөніндегі қызметті нақты кірістің коэффициентін есептеу үшін белгіленген мерзімде жүзеге асырған жағдайда айқындалады. Бұл ретте есептеу таблицасы әрбір мемлекеттік емес зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша жеке толтырылуға жатады.